



**Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген діни бірлестіктер әкелетін, қосылған құн салығынан босатылатын діни мақсаттағы заттардың тізбесін және оларды іріктеу критерийлерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 352 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 6 сәуірдегі № 174 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 06.04.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 255-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген діни бірлестіктер әкелетін, қосылған құн салығынан босатылатын діни мақсаттағы заттардың тізбесі;

2) Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген діни бірлестіктер әкелетін, қосылған құн салығынан босатылатын діни мақсаттағы заттарды іріктеу критерийлері бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 14 сәуірдегі  
№ 352 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген діни бірлестіктер әкелетін, қосылған құн салығынан босатылатын діни мақсаттағы заттардың тізбесі**

КО СЭҚ ТН коды	Тауардың атауы*
----------------	-----------------

9403 30 910 0-ден	киот, алтарьлық шкаф
9403 30 990 0-ден	орынтаққа арналған жабу (алтарь), иконостас (каркасты, иконалар жиынтығын, патшалық және диакондық қақпаны, аспалы және еден үсті киоттарын, биік орынтақты, орынтақ үсті сеньді қамтиды), солеяға арналған торы бар амвон, құрбан шалатын орын, құрбан шалатын орынға арналған жабу
6304 91 000 0-ден 6304 92 000 0-ден 6304 93 000 0-ден 6304 99 000 0-ден	хоругвтер
7114-тен 8306-дан	евхаристиялық жиынтық (діни бейнелері бар құдайға құлшылық ету ыдыстарын, потирді, дискосты, звездицаны, копиені, лжицаны, тарельдерді, дарохранительницаны, дароносицаны қамтиды), купель, евангелиеге арналған әлеміштер, панагия
8306 10 000 0-ден	шіркеулік сыңғырға арналған қоңырау немесе қоңыраулар жиынтығы (құдайға құлшылық етуге арналған)
4420 90 990 0-ден 7114-тен 8306-дан	ковчег, асатаяқ (құдайға құлшылық етуге арналған)
9403 10 580 0-ден	жаназа үстелі
7114-тен 8306-дан	тақпалы крест, күмбез кресті, тақ үсті кресті, алтарь үсті кресті, мощевик-крест (энколпион-крест), венецтер, реликварий
7114-тен 8306-дан	шіркеулік шамдал (алтарьлық, еден үстілік)
8306-дан	рака, гробница
9403 30 190 0-ден	аналой
9401 61 000 0-ден	шіркеулік тақ
9701-ден	икона (көлемі 50*50 кем емес)
4418 20-дан	патшалық және (немесе) диакондық қақпа
7114-тен 8306-дан	кадило, кадильница, ладанка

\* Ескертпе: діни мақсаттағы заттар "Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасы мен Кеден одағының Бірыңғай кеден тарифін бекіту туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне сәйкес СЭҚ ТН кодымен және тауар атауымен анықталады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 14 сәуірдегі  
№ 352 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген діни бірлестіктер әкелетін, қосылған құн салығынан босатылатын діни мақсаттағы заттарды іріктеу критерийлері**

Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген діни бірлестіктер әкелетін, импорты қосылған құн салығынан босатылатын діни мақсаттағы

заттарды (бұдан әрі - зат) іріктеу мынадай критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады:

1) зат ғибадат үйлерінде (ғимараттарында) немесе ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлердегі үй-жайларда діни іс-шараларды өткізу үшін және олардың аумағында қолданылады;

2) зат құдайға құлшылық ету, діни жоралар, рәсімдер жасау не ғибадат үйлерін (ғимараттарын) сыртқы, ішкі безендіруге немесе ғибадат үйлерінен тыс жерлердегі үй-жайларда діни іс-шараларды өткізуге арналады;

3) зат діни бірлестіктің тиісті ұстанатын дініне қатысты;

4) затты тиісті діни бірлестік сатып алған;

5) бір заттың құны бір мың айлық есептік көрсеткіштен асады.